

2024 -2025 жылында атқарылған жұмыстарды қорытындылау мақсатында Монтессори педагогикасы қағидаларына сүйене отырып, балалардың табиғи дамуына, дербестігіне және өз бетінше білім алуына жағдай жасауға бағытталған. Қазіргі таңда ортаңғы топтарда вариатив бойынша жұмыс атқарылуда.

Жалпы топ саны -3

Балалар саны -75

Балалардың өз бетінше жұмыс істеуіне арналған дайындалған орта құрылды.

Кабинет монтессори аймақтарымен жабдықталған.

1.практикалық өмір

2.сенсорика

3.математика

4.тіл

Бес ай бойынша балалар өз өзіне қызмет көрсетуге , заттарды сипап сезу арқылы, ұстап, иіскеу, дыбыстарды қағу арқылы заттарды айыра алуға үйреніп жатыр. Блок цилиндрлерімен жұмыстар жасалуда. Цилиндрлермен алыстан жасалатын жаттығулардында балалар едәуір меңгерген. Балалар сонымен қатар стенд модульдарымен жақсы жұмыс жасай алады.

Шығармашылық жұмыстарға баулу жұмыстары жоспарда бар, жыл мезгіліне байланысты балалардың әдемі елестету көрінісін бейнелеуге, жабыстырып құрастыруға баулу. Геометриялық комод онда балалар пішін үлгілерімен, түрлерімен танысты. Қызғылт мұнара, қызыл штангалар, қоңыр баспалдақ материалдарын тасу ережесімен, айырмашылықтарымен танысып өздері өз бетінше жұмыс жасай алады.Ірі, ұсақ қол моторикасын дамыту жұмыстары үрдіс үстінде жасалуда. Фребель материалдарымен де қосымша жұмыстар жүріп жатыр. Онда балалар ұсақ қол моторикасын дамытады. Балалардың шыдамдылық, төзімділік шеберліктері дамиды. Ой өрістері, ойлау қабілеттерін шыңдайды.

Сыдырма, ілгек, түймелі рамамен жұмыс жасау арқылы балалар өз киімін шешіп киюге, түзеуге үйренеді, үстел үстін сыпыру, құмырадан құю арқылы тазалыққа, қырағылыққа үйренеді.

Жыл басындағы балалармен салыстырғанда қазір балалар жұмыс бағытына төселіп қалған, кейбір орта деңгейдегі балдар да бар жұмыс жасалуда. Жыл соңына жақсы нәтиже көрсетеміз деген ойдамыз.







